

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КеАҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

13 қараша 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан
13 ноября 2024 год**

COLLECTION OF MATERIALS

**International scientific and practical conference,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan
November 13, 2024**

ASTANA, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-82-2

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

ISBN978-601-7697-82-2

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

Рецензенттер:

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

Редакциялық алқа:

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономка ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономка ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономка ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

ISBN 978-601-7697-82-2

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

ISBN 978-601-7697-82-2

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

2. Экономикалық форумдар мен конференциялар. Президенттің экономикалық форумдардағы сөйлеген сөздері ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жаңа тәсілдер мен стратегиялық бастамаларды қамтиды. 2023 жылы өткен инвестициялық форумда Президент шетелдік инвесторларды тартудың маңыздылығын атап өтті, өйткені бұл еліміздің валюта нарығында тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды фактор болып табылады: “Валюта нарығында тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін халықаралық тәжірибені қолдана отырып, валюта интервенцияларын жүргізуіміз керек. Сонымен қатар, шетелдік инвестицияларды тарту – біздің экономиканың негізі.”

3. Баспасөз мәслихаттары. Баспасөз мәслихаттарында Президенттің валюталық саясатқа қатысты айтқан пікірлері мен ұсыныстары валюта нарығын бақылау мен инфляциямен күрес шараларына қатысты маңызды ақпараттарды қамтиды. 2023 жылғы баспасөз мәслихатында Президент: “Цифрлық экономика мен жаңа технологияларды енгізу арқылы біз ұлттық валютамыздың тұрақтылығын қамтамасыз ете аламыз. Цифрлық теңге – осы бағыттағы маңызды қадам,” - деп атап өтті. Бұл цифрлық технологиялардың валюталық саясаттағы рөлін көрсету үшін маңызды.

4. Саяси баяндамалар. Мемлекеттік мекемелер мен ұлттық банктің конференцияларында Президенттің экономикалық саясат пен валюта тұрақтылығына байланысты жасаған баяндамалары нақты ұсыныстар мен стратегияларды ұсынады. Бұл баяндамаларда инфляцияны бақылау, валюталық интервенцияларды жүргізу және экономиканы цифрландыруға қатысты шаралар қамтылады.

Қорытындылай келе, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету – мемлекеттің макроэкономикалық дамуының басты шарттарының бірі. Қазақстанда теңгенің тұрақтылығын сақтау үшін ақша-несие саясаты, фискалдық шаралар және қаржы технологияларын қолдану маңызды рөл атқарады. Цифрлық қаржы технологияларының дамуы ұлттық валютаға деген сенімді арттырып, валюта нарығында тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді. Қазақстанның қаржы нарығының дамуы мен ұлттық валюта тұрақтылығын сақтауға бағытталған мемлекеттік саясаттар болашақта ел экономикасының тұрақты дамуына негіз болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. <https://nationalbank.kz>
2. Мақыш С.Б. Ақша, несие, банктер: оқулық. – Алматы: Экономика, 2022. – 46 б.
3. Назарбаев Н.А. “Қазақстан-2050” стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Нұр-Сұлтан, 2012.
4. Тасмағанбетов Ж.А. Қазақстандағы валюта саясаты: теория және практика. – Алматы: Қаржы-Қаражат, 2020. – 58 б.
5. National Bank of Kazakhstan. Annual Report 2023.
6. <https://www.akorda.kz/ru> .

ӘОЖ 338.2 (574.24)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСІН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

*Габдрахимова Бакытжамал Амирхановна, Жақупов Әлішер Қанатұлы
Шарапат Мағжан*

Ғылыми жетекшіі Набиева М.Т

Доцент м.а., Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті., Астана қ.,
Қазақстан Республикасы,
E-mail: maral.nabieva@bk.ru

Аңдатпа. Ұлттық экономикадағы ЖІӨ-дегі ШОК үлесі мен жалақы деңгейінің динамикасы зерттелді. Әлеуметтік кепілдік, ұлттық валютаға ықпал ететін негізгі фактор ретінде жалақы деңгейіне талдау жасалды; ЖІӨ-дегі ШОК үлесі қалыптастыру процедурасы қарастырылды; сәйкесінше ШОК ықпалы туралы қорытындылар жасалды. Сондай-ақ, еліміздің 2023-2024 жылдардағы жалақы деңгейіне талдау жүргізілді. Берілген экономикалық даму бағытындағы мақсатқа қол жеткізу үшін, отандық өндірісті жан жақты қолдау тетіктерін анықтап, олардың мүдделерін қорғау қажеттілігі қарастырылды.

Кілт сөздер: отандық өндірісті, шағын және орта кәсіпкерлік, ұлттық валюта, жалпы ішкі өнім, жалақы деңгейі, кәсіпкерлік белсенділік, экспорт, импорт

Аннотация. Изучена динамика доли МСП и уровня заработной платы в ВВП в национальной экономике. Проведен анализ уровня заработной платы как основного фактора, влияющего на социальную гарантию, национальную валюту; рассмотрена процедура формирования доли МСП в ВВП; соответственно сделаны выводы о влиянии МСП. Также был проведен анализ уровня заработной платы страны в 2023-2024 годах. Для достижения поставленной цели экономического развития была рассмотрена необходимость выявления механизмов всесторонней поддержки отечественного производства и защиты их интересов.

Ключевые слова: отечественное производство, малый и средний бизнес, национальная валюта, валовой внутренний продукт, уровень заработной платы, предпринимательская активность, экспорт, импорт

Annotation. The dynamics of the share of SMEs and the level of wages in GDP in the national economy have been studied. The analysis of the wage level as the main factor influencing the social guarantee, the national currency is carried out; the procedure for forming the share of SMEs in GDP is considered; accordingly, conclusions are drawn about the impact of SMEs. An analysis of the country's wage level in 2023-2024 was also carried out. In order to achieve the set goal of economic development, the need to identify mechanisms for comprehensive support of domestic production and protection of their interests was considered.

Keywords: domestic production, small and medium-sized businesses, national currency, gross domestic product, wage level, entrepreneurial activity, export, import

Қазақстан экономикасында ұлттық валютаның нығайып тұтынушылардың сатып алу қабілетін арттыру қажеттілігі, шағын кәсіпкерліктің маңыздылығы мен рөліне ерекше орынын көрсетеді. Қазақстан-2050 даму стратегиясында шағын кәсіпкерлікті қолдау нәтижесінде, 2030 жылы бүгінгі күнмен салыстырғанда екі есеге арту керек деп болжанған. Берілген экономикалық даму бағытындағы мақсатқа қол жеткізу үшін, отандық өндірісті жан жақты қолдау тетіктерін анықтап, олардың мүдделерін қорғау қажет. Бүгінгі күнгі басты міндет шағын кәсіпкерлік пен дара кәсіпкерліктің орта кәсіпкерлікке айналуына мүмкіндік беру. Мемлекеттің шағын кәсіпкерлік қолдау тиімділігі халықты жұмыспен қамтуда, макроэкономикалық көрсеткіштерді арттыруда, өндірістегі инновацияны қалыптастырудағы негізгі күш болып табылатындығы дәлелденген. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік экономикада шағын кәсіпкерліктің маңызы ұлттық валютаның сатып алу қабілетін арттыруда маңызды. Шетелдердің экономикасында шағын кәсіпкерлік экономикалық өсу қарқынын 2/3 бөлігін қамтамасыз етеді, жаңа жұмыс орындарының ашылуының басты тетігі болып табылады. Экономикада кәсіпкерлік арқылы жұмыспен қамтылған халықтың ЖҰӨ-нің құрамындағы үлес салмағының артуы, тұрақты даму белгісі болып табылады. Сонымен қатар, өндірістегі инновациялық даму серпінін туғыза отырып, нарықтағы жаңа тауарлар мен қызметтердің қалыптасуына негіз болады. Қазіргі кезде, статистикалық мәліметтер көрсеткендей, экономикадағы көптеген мәселелер мен кедергілерге қарамастан, ұлттық экономикадағы шағын кәсіпкерліктің дамуы айтарлықтай зор үлесін қосып отыр. Отандық экономиканы реформалаудың келешегі, көп жағдайда шағын кәсіпкерлік әлеуетін тиімді пайдалана отырып, басқару тиімділігіне тікелей байланысты.

Бүгінгі күні халықаралық сараптамалық агенттіктер зерттеуі көрсеткендей отандық кәсіпкерліктің дамуы үшін қолайлы жағдай жасалған. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан жүргізілген кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары айтарлықтай серпін берді. Оның ішінде кәсіпкерлікке жеңілдетілген пайызбен несие беру үлкен сұранысқа ие болды. Дегенмен, берілген жобалардың арасында технопарктер мен кәсіпкерлік-инкубаторларға қызығушылық аз болғанын байқауға болады. Кәсіпкерлікті ынталандырудағы салықтық қолдау құралы барынша кең таралмаған және жалпыға бірдей танымалдығын көрсетпеді. Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары ішінде барынша аз дамыған экономикалық құрал активтерге инвестиция болып отыр, зерттеу нәтижесі көрсеткендей бұл бағыттағы шаралар кәсіпкерліктің жаңа қарқынды дамуына ықпал етеді. Осыны ескере отырып, Бизнесстің жол картасы 2025 бағдарламасы негізінде берілетін гранттық қаржыландыру бағытына жаңа өзгерістер енгізілді. Ол кәсіпкерлікті дамыту тиімділігін арттыру үшін берілетін қаражаттың инвестициялық бағыты айналым активтерін толтыра отырып, дайын өнім өндірісін қалыптастыру қажеттілігін басты орынға қойды, басты міндетті атқарушы мемлекеттік орган ретінде жергілікті әкімдіктер қызмет атқарады.

Кәсіпкерлікке қоғам талаптарының өзгеруі арқылы, жаңа бағытта дамуға жол ашты. Сондықтан, мазмұны мен маңыздылығын толық нақтылау үшін кәсіпкерліктің аймақтағы орналасу ерекшелігінің заманауи бейнесін қалыптастырған тарихи маңызды тұжырымдамалармен ғылыми зерттеулерді қарастырайық. Аймақтық экономика кәсіпкерліктің дамуында ерекше орын алады. Аймақтың экономикалық саясатының қалыптасуы XVII-XX ғасырларда шетелдегі экономикалық география орналасуына қарай, ғылыми тұжырымдамалық негізге ие болды. Аймақтық экономикалық-географиялық ойдың дамуы географ Бернхард Уореннің (Варениус 1622-1650) теориялық және әдістемелік жаңалықтарымен ғылымның құрылымын қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етті. Аймақтық экономиканы басқаруда, табиғи жағдай және табиғат туралы ілімді И. Кант географияның ғылымдар жүйесіндегі орнын көрсетіп, «моральдық география» ұғымын ғылыми зерттеу негізінде енгізді. 19 ғасырда Германияның эмпирикалық зерттеуге негізделген ғылыми мектебі экономикалық жүйелердің дамуына негіз салды [2].

Жалақының экономикалық және әлеуметтік мазмұны оның функциялары (көбею, мотивациялық, реттеуші, әлеуметтік), түрлері (номиналды, нақты, минималды) арқылы, сондай – ақ ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілік факторларын нығайтудағы, демек, экономикалық өсу мен әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз етудегі жалақыны қалыптастырудың орны мен рөлін негізге ала отырып анықталуы мүмкін. Ұлттық экономикадағы ұлттық валютаның тұрақтылығы ШОК даму қарқынымен тікелей байланысты. ШОК даму деңгейі айналым қаражаттарының жылдамдығы мен орташа жалақының деңгейінің өсуіне ықпал етеді. Үй шаруашылығының сатып алу қабілеті артқан сайын ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі арта түспек. Келесі кестеде Қазақстан Республикасындағы жалақы деңгейі берілген.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасындағы жалақы

жыл	теңге	Айлық жалақының орташа мәні		Нақты жалақы индексі, пайызбен		
		Пайызбен		өткен тоқсанға	өткен жылғы тиісті тоқсанға	Айлық жалақының медианалық мәні (бағ теңге)
		өткен тоқсанға	өткен жылғы тиісті тоқсанға			
2022 I тоқсан	320324	100,3	112,3	96,2	98.2	220393
2023	340556	100,5	119,3	97,1	99.4	224493

I тоқсан						
2024	382279	97.1	112.3	94.6	102.7	251997
I тоқсан						

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [4]

Өңірлік бөліністе 2023 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда 2024 жылдың I тоқсанында орташа айлық атаулы жалақының ең көп өсуі Батыс Қазақстан облысында – 18,2%-ға, Алматы қаласында – 16,4%-ға, Ақтөбе облысында – 16,1%-ға, Павлодар облысында – 15,9%-ға құрады.


Кәсіпкерлікті дамытудың негізгі көрсеткіштерінің бірі олардың елдің жалпы ішкі өніміндегі (бұдан әрі – ЖІӨ) үлесі болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Статистика комитеті) мәліметтері бойынша жоғарыда аталған көрсеткіш өсу қарқының көрсетіп отыр. Жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінің үлес салмағы өсуі, ШОК дамуының белсенділігін арттыру шаралары бойынша мемлекет алдындағы маңызды тапсырмалардың бар екендігін көрсетті. ШОК экономикалық белсенділігінің артуына негіз болған арнайы салалық бағытталған мемлекеттік шағын орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға арналған бағдарламалар іске қосылды. Шағын және орта кәсіпкерлік бөлінісінде ЖІӨ-дегі ШОК үлесі келесі суретте берілген.



Сурет 1 – Шағын және орта кәсіпкерлік бөлінісінде ЖІӨ-дегі ШОК үлесі
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [4]

ҚР Статистика комитетінің мәліметі бойынша соңғы жылдары тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпорындар санының тұрақты өсуін көрсетті, ал жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі тіркелген кәсіпорындардың жалпы саны өсті келеді.

2022 жылғы жағдай бойынша Қазақстанда тіркелген ШОК тын 96,6 пайызы белсенді қызмет атқаратындары. Жұмыс жасап тұрған ШОК құрылымында соңғы жылдары негізгі үлесті жеке кәсіпкерлер алады, олардың үлесі орта есеппен жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санының 65% құрайды. Бұл көрсеткіш негізінде тұтынушылықтардың сатып алу қабілетін сақтау үшін - халықтың ақшалай кірістерінің жаңалықтары жалақыны индекстеу жүргізіледі. Индекстеу-бұл тұтыну бағасының өсуіне байланысты азаматтардың ақшалай кірістерін ұлғайтудың мемлекет белгілеген тетігі. Жалақыны индекстеуге байланысты төлемдердің көзі кәсіпорындардың меншікті қаражатын негізге ала отырып жүргізіледі. Келесі суретте ЖІӨ-ге негізгі салалардың қосқан үлесі 2023 жылғы қаңтар-маусымда көрсеткіштері берілген.



Сурет 2- ЖІӨ-ге негізгі салалардың қосқан үлесі 2023 жылғы қаңтар-маусымда, п.т. Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [4]

ЖІӨ өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты мәнде 5,3%-ға өсті. Ақпарат және байланыс (15,6%), Құрылыс (12,3%), Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу (10,4%), Көлік және жинақтау (7,4%), Электр энергиясымен, газбен, бумен, ысты сумен және ауаны кондициялармен жабдықтау (6,8%) Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет (6,4%), салалары ең көп өсімді көрсетті.

Ұлттық экономикадағы валюталық түсімнің артуы немесе төмендеуі (экспорттың төмендеуі), импорт бағасының өсуі, инфляциялық процестердің өсуі, капиталдың кетуі (инвестициялардың төмендеуі) болып табылады. Мұның бәрі ел экономикасының дамуына теріс немесе оң әсер етеді және сәйкесінше оның экономикалық қауіпсіздігіне қарастыру қажеттілігін көрсетеді.

Ұлттық валютаның тұрақтылығына оң әсер етуі мүмкін шарттардың бірі тұтастай алғанда экономиканың даму деңгейін арттыру болып табылады. Сонымен қатар, ШОК әсерін арттыру арқылы, үшін сыртқы экономикалық саясат шеңберінде белгілі бір келісімдерге қол жеткізу қажет, бұл елге капитал ағынына мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства: псоалние народу Казахстана // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/>. 02.10.2016.
2. Кантильон Р. Эссе о природе торговли в общем плане // В кн.: Мировая экономическая мысль: сквозь призму веков: в 5 т. / пер. с фр. – М.: Мысль, 2004. – Т. 1. – С. 269-278.
3. Сәбден О. Кәсіпкерлік. – Алматы: Эксклюзив 2009. – 320 с.
4. ҚР шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) // <https://stat.gov.kz/>.

УДК 658.7

УПРАВЛЕНИЕ ЛОГИСТИЧЕСКОЙ СИСТЕМОЙ В КАЗАХСТАНЕ КАК УСЛОВИЕ СТАБИЛЬНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Касымова Б.Т

*Магистр, старший преподаватель Карагандинский университет Казпотребсоюза, г. Караганда, Казахстан
E-mail: esp2019esp@mail.ru*

Қоңырғаева Қ.Б

Магистр, преподаватель, Карагандинский университет Казпотребсоюза г. Караганда, Казахстан